

"Visa Signature картасымен саяхаттаңыз" науқанын өткізу ережелері

1. Осы "Visa Signature картасымен саяхаттаңыз" науқанын өткізу ережелерінде (бұдан әрі – «Ережелер») "Visa Signature картасымен саяхаттаңыз" науқанын (бұдан әрі – "Науқан") өткізу тәртібі мен шарттары айқындалады.
2. Науқан жеңімпаздары осы Ережелерде баяндалған өлшемдерге сәйкес айқындалатын болады.
3. Науқанды ұйымдастырушы Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Қонаев к-сі, 56 мекенжайында орналасқан "Еуразиялық банк" АҚ (БСН 950240000112) (бұдан әрі- "Ұйымдастырушы") болып табылады.
4. Науқанның мердігері Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Рубинштейн к-сі, 48 мекенжайында орналасқан «SEED AD» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БСН 010240000038) (бұдан әрі - "Мердігер") болып табылады.
5. Науқанның серіктесі Visa International Service Association (Виза Интернэшнл Сервис Ассоциэйшн) (бұдан әрі - "Серіктес") болып табылады.
6. Науқан "Ойын бизнесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және "Лотереялар және лотерея қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мағынасы мен анықтамасы бойынша құмар ойын және/немесе лотерея болып табылмайды.
7. Науқанға қатысу үшін ақы алынбайды.
8. Науқанға Ұйымдастырушы айналысқа шығарған, 18 (он сегіз) жасқа толған, Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын, Ережелердің барлық талаптарының шарттарын тиісінше орындаған Visa Signature төлем карточкаларын ұстаушы-жеке тұлғалар (бұдан әрі - "Қатысушы") қатыса алады.
9. Науқанға: Ұйымдастырушының және Серіктестің жұмысшылары, тұруға ықтиярхаты бар Қазақстан Республикасының бейрезиденттері және Ережелердің 8-тармағында көрсетілмеген өзге де адамдар қатыса алмайды және қатыспайды.
10. Науқанның жүлде қоры:

№	Жұлденің атауы	Жұлделердің жалпы саны, дана	Жеңімпаздар саны
1	1-ші санаттағы бас жүлде – Дубайға, Біріккен Араб Әмірліктерге, 2 (екі) адамға арналған сапар, оның ішінде 5* (бесжұлдызды) Jumeirah Al Naseem қонақүйінде тұру, бизнес-класс арқылы екі жаққа әуе билеттері, Coca-Cola arena-да өтетін Энрике Иглесиас концертіне билеттер, Сафариге кешкі аспен жеке экскурсия, Wild Wadi және Болашақ мұражайына саяхат, Серіктес және Ұйымдастырушы таңдаған мейрамханаларға бару, Дубайда болған барлық уақытта премиалды трансфер (Tesla). Сапар күндері-12.09.2024-15.09.2024	1	Негізгі - 1 Резервтік – 3
2	2-ші санаттағы бас жүлде-«Apple» жапсырмалы құлаққаптары	3	Негізгі - 3 Резервтік – 6
3	3-ші санаттағы бас жүлде-«Tumi» брендiнiң арқақоржындары	3	Негізгі - 3 Резервтік – 6
4	Апта сайынғы жүлде - «Apple Bluetooth AirPods Pro 2nd Generation with MagSafe Case» қыстырмалы құлаққаптары	7	Негізгі - 7 Резервтік – 14

11. Науқанды өткізу кезеңі: Астана қаласы уақыты бойынша 2024 жылдың 5 шілдесінде

00 сағат 00 минуттан 2024 жылдың 22 тамызына 23 сағат 59 минутқа дейін (бұдан әрі – "Науқан Кезеңі").

12. Науқанға қатысу шарттары:

12.1. Науқан Кезеңінде "Smartbank" мобильдік қосымшасы арқылы төлемдерді жүзеге асыру жөніндегі операцияларды қоспағанда, Ұйымдастырушы шығарған Visa Signature төлем карточкасымен бір транзакция үшін 1 000 (бір мың) теңгеден және одан жоғары сомаға (Ұйымдастырушының төлем карточкасын пайдалана отырып тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу) аптасына кемінде 3 (үш) төлем жасау қажет, төлем карточкасынан төлем карточкасына (оның ішінде ұялы телефон нөмірі бойынша) басқа банкке/Ұйымдастырушының ішінде аударымдар, банкоматтар мен кассалардан қолма-қол ақша алу) және 1,2 және 3 санаттағы апта сайынғы жүлделер мен бас жүлделердің ұтыс ойынына қатысу қажет;

12.2. апта сайынғы жүлделер ұтыс ойыны төменде көрсетілген кестеге сәйкес Науқан Кезеңінде әр сейсенбіде өтеді. Қатысушылармен тізімдер Ереженің 12.1-тармағында көрсетілген Науқанның барлық шарттарының сақталуына сәйкес апта сайын жаңартылады.

1 апта-05.07.2024 жылдан 11.07.2024 жылға дейін	Жұлделер ұтысы – 16.07.2024 жыл
2 апта-12.07.2024 жылдан 18.07.2024 жылға дейін	Жұлделер ұтысы – 23.07.2024 жыл
3 апта-19.07.2024 жылдан 25.07.2024 жылға дейін	Жұлделер ұтысы - 30.07.2024 жыл
4 апта-26.07.2024 жылдан 01.08.2024 жылға дейін	Жұлделер ұтысы - 06.08.2024 жыл
5 апта-02.08.2024 жылдан 08.08.2024 жылға дейін	Жұлделер ұтысы – 13.08.2024 жыл
6 апта-09.08.2024 жылдан 15.08.2024 жылға дейін	Жұлделер ұтысы – 20.08.2024 жыл
7 апта-16.08.2024 жылдан 22.08.2024 жылға дейін	Жұлделер ұтысы – 27.08.2024 жыл

12.3. бас жүлделердің ұтыс ойыны Науқанның барлық Кезеңінің қорытындысы бойынша, Ережелердің 12.1-тармағына сәйкес бір апта ішінде бір сатып алу үшін кемінде 1 000 (бір мың) теңге сомаға кемінде 3 (үш) төлемді жүзеге асырған қатысушылар арасында өткізіледі;

12.4. Қатысушы апта сайынғы жүлдені тек 1 (бір) рет жеңіп ала алады, екінші рет жеңімпаз Қатысушы апта сайынғы жүлденің ұтыс ойындарына қатыса алмайды. Соңғы тізімге апта сайынғы жүлделердің ұтыс ойындарының барлық жеңімпаз Қатысушылары кіреді. Аралық ұтыс ойындарына қатысу саны қатысушының соңғы ұтыс ойынындағы мүмкіндіктерінің санын анықтайды.

13. Науқанның апта сайынғы жүлделерін (негізгі және резервтік) жеңіп алған жеңімпаздарды анықтауды Ұйымдастырушы Ереженің шарттарын толық орындаған Науқанға Қатысушылар қатарынан Науқанның тиісті аптасы аяқталғаннан кейін 5 күннен кейін random.org сайтында кездейсоқ таңдау әдісімен жүргізеді.

14. Науқанның бас жүлделерін (негізгі және резервтік) жеңіп алған жеңімпаздарды анықтауды Ұйымдастырушы Ереженің шарттарын толық орындаған акцияға қатысушылар қатарынан 2024 жылдың 27 тамызында random.org. сайтында кездейсоқ таңдау әдісімен жүргізеді.

15. Апта сайынғы және финалдық ұтыс ойындарын тікелей эфирде Ұйымдастырушының "eurasianbank" Instagram парақшасында Астана қаласы уақыты бойынша сағат 15.00-де көрсетеді.

16. Ұйымдастырушы Ережелердің 13 және 14-тармақтарына сәйкес жеңімпаздар анықталған күннен бастап 5 (жұмыс) жұмыс күні ішінде Ұйымдастырушы жүйелерінде тіркелген клиентпен (ұялы телефон/мессенджер) негізгі байланыс арнасы арқылы жеңімпаздарды ұтыс туралы хабардар етеді.

17. Егер жеңімпаз 5 (бес) жұмыс күні ішінде Ұйымдастырушының хабарламасына жауап бермесе немесе жүлдеден бас тартса, Ұйымдастырушы бірінші резервтік жеңімпазбен байланысады, ал бірінші резервтік жеңімпазбен байланысу мүмкін болмаған жағдайда Ережелердің 10-тармағына сәйкес екінші резервтік жеңімпазбен байланысады және т.б.

18. Ереженің 10-тармағында (1-қосымша) көзделген Жұлделерді алу үшін жеңімпазға жеңіс туралы хабарлама алған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Банкке anna.pudovkina@eubank.kz электрондық пошта арқылы науқанды Ұйымдастырушыға мынадай құжаттар мен мәліметтерді ұсыну қажет:

1) ЖСН міндетті түрде көрсете отырып, жеке куәліктің сканерленген көшірмесі (екі жақтан) (аты мен тегі төлем карточкасын алған кезде Банкте көрсетілген деректерге сәйкес келуі тиіс);

2) жеңімпаздың нақты тұратын жерінің мекенжайы;

3) ұялы телефон нөмірі.

Жеңімпаздар туралы деректер 10% мөлшерінде жеке табыс салығын (10% жүлдеге жеке табыс салығы) ЖТС төлеуді қоса алғанда, жүлде қорын аударуды жүзеге асыру үшін пайдаланылатын болады.

18.1. Жеңімпазбен одан әрі байланысты Мердігердің уәкілетті өкілі ұялы телефон / мессенджер немесе электрондық пошта арқылы жүзеге асыратын болады;

18.2. Ұйымдастырушы Ереженің 18.1-тармағында көрсетілмеген өзге тәсілмен жеңімпазбен байланыста болмайды;

18.3. Мердігер, Ұйымдастырушы, Серіктес ешқашан электрондық хаттарды, SMS-хабарламаларды жібермейді және Қатысушылардың және басқа клиенттердің банктік шоттарының нөмірлерін, төлем карточкаларының нөмірлерін/фотосуреттерін, интернет-банкингтің пайдаланушы атын/құпиясөзін, SMS-хабарламалардың бір реттік кодтарын, PIN-кодтарды, жеке кабинеттер, әлеуметтік желілердегі аккаунттар және т.б. құпия сөздерін қоса алғанда, құпия ақпаратты сұрап қоңырау шалмайды.

19. 2-ші және 3-ші санаттағы жүлделер мен апта сайынғы жүлделерді тапсыруды Ұйымдастырушы Ережелердің 18-тармағында көрсетілген ақпаратты алған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде жүзеге асырады. Жүлдені алған кезде жеңімпаз жеке басын куәландыратын құжатты ұсынуы және қабылдау-тапсыру актісіне қол қоюы тиіс.

20. Мердігер, Ұйымдастырушы және Серіктес Мердігерге, Ұйымдастырушыға және Серіктеске тәуелді емес кез келген себептер бойынша жеңімпаз жүлдені ала алмағаны үшін жауап бермейді.

21. Мердігер, Ұйымдастырушы және Серіктес жеңімпаз алған жүлдені одан әрі пайдалануға жауапты емес. Жүлделердің сыртқы түрі/пішіні/бейнесі және оларды пайдалану әсерлері, науқанды өткізу шеңберінде таратылатын жарнамалық материалдарда көрсетілген (көрсетілуі мүмкін), нақты материалдардан өзгеше болуы және Қатысушылардың күткеніне толық жауап бермеуі мүмкін.

22. Егер жүлде өзін жеңімпаз деп жариялаған адамның Ережелердің 19-тармағында көрсетілген талаптарды орындамауы себебінен алынбаған жағдайда, оны ол қайта талап ете алмайды. Мұндай жүлделерді алмау бойынша шағымдар қаралмайды.

23. Жеңімпаздар алған жүлделер айырбастауға және қайтаруға жатпайды. Ақшалай баламалы жүлделер берілмейді.

24. Науқан шарттары, Науқан шарттарының елеулі өзгерістері, Науқан Жеңімпаздары туралы ақпарат және өзге де ақпарат Ұйымдастырушының eubank.kz. парақшасына орналастырылады.

25. Ұйымдастырушы кез келген уақытта Науқанды өткізу мерзімдерін, шарттарын, жүлде қорын толықтыруға және/немесе өзгертуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Ережелерде айқындалған тәртіппен Науқанға Қатысушыларды және барлық мүдделі тұлғаларды хабардар ете отырып, өз қалауы бойынша Науқанды өткізуді тұтастай немесе бір бөлігінде өз қалауы бойынша тоқтатуға, тоқтата тұруға, күшін жою құқығын өзіне қалдырады.

26. Мердігер, Ұйымдастырушы және Серіктес Науқанға Қатысушының қателіктерінің, соның ішінде соңғы шығындардың салдары үшін жауап бермейді.

27. Транзакция үшін 1 000 (бір мың) теңгеден астам сомаға Visa Signature төлем карточкасын пайдалана отырып, төлемдердің қажетті санын жүргізген кезде Visa Signature төлем карточкасын ұстаушы әдепкі бойынша Науқанға қатысушы болады.

28. Науқанға Visa Signature төлем карталарының жаңа және ағымдағы ұстаушылары қатысады;

29. Науқанға қатыса отырып, Қатысушы даусыз, сөзсіз және қайтарып алынбайтын тәртіппен Мердігерге, Ұйымдастырушыға және Серіктеске Қатысушының тегін, атын және әкесінің атын (бар болған жағдайда), оның Науқанға қатысуына байланысты өзге де дербес деректерді, сұхбаттарды немесе ол туралы басқа да материалдарды, соның ішінде Науқанға Қатысушының фототүсірілімдері мен бейнетүсірілімін, сондай-ақ, мұндай пайдалану үшін

ешқандай сыйақы төлемей, Науқанға Қатысушының Науқан туралы жарнамалық ақпаратты шектеусіз және аумақты шектеусіз тарату кезінде Науқанға Қатысушымен жасалған фотосуреттерді және бейнежазбаларды пайдалануға құқығын береді.

30. Жүлдені қабылдауға келісе отырып және өзінің дербес деректерін ұсына отырып, Қатысушы Мердігердің, Ұйымдастырушының және Серіктестің дербес деректерді жинауды, жүйелеуді, жинақтауды, сақтауды, нақтылауды (жаңартуды, өзгертуді), алуды, пайдалануды, таратуды, оның ішінде дербес деректерді трансшекаралық беруге, сондай-ақ иесіздендіруді, бұғаттауды, жоюды, жоюды қоса алғанда, ұсынылған дербес деректерді өңдеуге өзінің келісімін растайды - "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі-"Заң") сәйкес науқанды өткізудің барлық мерзіміне және ол аяқталғаннан кейін 3 (үш) жыл ішінде өткізу мақсаттары үшін.

31. Науқанға қатысу Мердігердің, Ұйымдастырушының және Серіктестің науқанды өткізу мақсатында қажетті кез келген тәсілдермен және Ережелерде көзделген тәртіппен Қатысушының дербес деректерін өңдеуіне әкеп соғатын Қатысушының еркін және саналы ерік білдіруі (келісімі) болып табылады.

32. Ережелердің мақсатында дербес деректер деп тікелей немесе жанама түрде айқындалған немесе айқындалатын жеке тұлғаға (дербес деректер субъектісіне) қатысты кез келген ақпарат түсініледі.

33. Науқанға қатысушының Науқанға қатысуға байланысты өз құқықтарын (оның ішінде жүлде алу құқықтарын) үшінші тұлғалардың пайдасына беруге құқығы жоқ.

34. Науқанға қатысу фактісі Науқанға Қатысушының Ережелермен танысқанын және келісетінін білдіреді. Ережелермен келісу толық және сөзсіз болып табылады.

35. Науқанның барлық нәтижелері, сондай-ақ Науқанның Мердігері, Ұйымдастырушысы және Серіктесінің шешімдері түпкілікті болып табылады және шағымдануға жатпайды.

36. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 327, 351-баптарының негізінде төлем көзінен салық салынатын табыстарға жүлделер жатады. Табыстың осы түрі бойынша ЖТС (жеке табыс салығы) есептеуді және ұстап қалуды (ұтысты) Мердігер-салық агенті жүргізеді.

37. Мердігер, Ұйымдастырушы және Серіктес Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және даулы жағдайлар туындаған кезде Ережелерде көзделген жағдайларды қоспағанда, Науқанға қатысушылармен жазбаша не ауызша келіссөздер жүргізбеу құқығын өзіне қалдырады.

38. Ережелерде көзделмеген жағдайларда түпкілікті шешімді Мердігер және/немесе Ұйымдастырушы қабылдайды.

39. Науқанға қатысуға, ұтыс ойындарын өткізуге, жүлделерді тапсыруға және басқа да сұрақтарға байланысты қандай да бір сұрақтар туындаған кезде Науқанға Қатысушы anna.pudovkina@eubank.kz. электрондық мекенжайға хат жаза отырып, Ұйымдастырушыға жүгінуге құқылы Ұйымдастырушы жауап хатты Науқанға Қатысушыдан өтініш хатын алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жібереді.